Суы өте таза, құмды жағалау, тастысы да бар. Теңізде биік толқындар мүлде жоқ. Теңіз баяу ғана жанға жайлы толқып жатады, сондықтан жергілікті халық «Өлі теңіз» деп атаған. Мұнда біз өзімізді тап бір Германияда демалып жатқандай сезіндік, өйткені демалушылардың 80% немістер, 20% ағылшындар. Осындай жағдай үнемі болатын көрінеді. Орыс халқы бұл жерде өте сирек дейді. Біз екеміз бұл жерде өте жақсы демалдық. Мұнда біздің қазақтар да келмейді екен. Сондықтан немістер мен ағылшындарды айтпағанда түріктердің өзі біздерге мұражайдың экспонаттарындай қарады. Осындай адамдар мен сұлу табиғатымен, жанымызға берген шипасымен Жерорта теңізінің оң-түстік батысындағы Фетхие жүрегімізде жылы сақталатын болды.

Адам қанша тілді білсе, сонша адам дегендей. Қанша көп жерде болсаң, соншалықты рухани байысың. Материалдық байлық санмен өлшенетін болса, рухани байлық шексіз. Баршаңызға осы рухани байлықты мол жинауды нәсіп етсін.

Сұлуаша ҚҰЛМАЛИЕВА,

Қазақстан Ұлттық Географиялық
Қоғамының мүшесі, география
кафедрасының зейнеткері



Көгілдір Мешіт

Егер мен прокурор болсам...



Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет. Еліміз өзінің Ата Заңы – Конституцияның 1-бабында өзін демократиялық, заңдылық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Құқықтық мемлекеттің өмірінде ең маңызды орын алатыны ол – заңдар екені белгілі. Заң шығарылған соң ол заңның орындалуы жоғары қадағалануы міндетті. Елімізде сол маңызды міндет прокуратура органына жүктелген. Прокуратура органында аталған міндетті прокурорлар жүзеге асырады.

Неге екені белгісіз жастайымнан прокурор болуды армандадым. Сол кезден-ақ пайда болған мақсат арманға жетеледі. Қазіргі таңда сол алға қойған мақсаттан таймай өзім қалаған мамандық бойынша білім алудамын. Қазіргі жастар мамандық таңдауда ең бірінші қаржылық жағына көп көңіл бөлетіні белгілі. Ал жұмыс ше? Халқыңа адал қызмет етуді қалай ысырып қоюға болады. Сонда қалайша өзің таңдаған қызметтен ләззат алуға болады?

Менің осы жолды, осы мамандықты таңдауымның себептері деп мен мыналарды айтар едім. Ең бірінші, мамандық таңдауда өз қалауыңа ерік беріп, мамандық таңдауда қателеспей. Екіншісі, өзің қалаған, өзің сүйген мамандыққа құрметпен қарау. Үшіншісі, өз халқыңа деген адалдық пен әділдікті ту етіп, халықпен тығыз байланыста жұмыс жасау. Төртіншісі, өзімнің сүйікті Отаныма аянбай еңбек ету, яғни «маған елім не береді деп емес, мен еліме не беремін» деген азаматтық позицияда өзім үшін емес, халқым үшін еңбек ету.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Прокуратура жүйесі бірте-бірте даму үстінде. Әкілеттігі көп Прокуратура органында қызмет атқару арқылы прокурор өзіне жүктелген қызметін атқара отыра, еліміздегі жоғарғы қадағалауды жүзеге асыратын бірден-бір органның өсуі мен дамуына өз үлесін қосады. Сол қызметі арқылы адамзат өмір сүретін қоғамның жағдайын жақсарттады. Сонымен, егер мен прокурор болсам...

Егер мен прокурор болсам өз қызметімде өзіме жүктелген негізгі міндеттерден бөлек бірқатар маңызды жұмыстарды атқарар едім. Әрдайым өз мақсатына ұмтылатын, жолында кездескен түрлі сынақтарға тойтарыс бере білетін, өз жігерлілігімен, қайсарлығымен өзі таңдаған жолда өз арманына жетпей қоймайтын әрбір адамның өмірде болсын, қызметте болсын өзінің алдына қойған нақты жоспары болады. Сол секілді менде алдағы уақыттағы өзімнің прокуратура саласындағы жоспарымды «қызметтік 7 бағыт» деп атағанды жөн көрдім.

Біріншіден, ең алдымен өз құқықтары мен мүдделері бұзылған және оны өздігінен қорғай алмайтын азаматтардың өз құқықтарын қорғауға жәрдемдесуге айрықша көңіл бөлер едім. Себебі, Конституцияның 13-бабында көрсетілген негізге сәйкес әр адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы екендігі айтылған. Ал өз құқықтарын өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарға әлбетте жәрдемдесу – міндет. Мұны өзімнің азаматтық парызым деп білемін.

Екіншіден, азаматтарды ұлтына болмаса нәсіліне, тіліне, дініне, атқаратын кәсібіне не болмаса басқа да ерекшеліктері бойынша бөліп қарауға қарсы тұрар едім. Себебі, бұл қызметке кедергі келтіреді және гуманизмге жатпайды деп ойлаймын. Қазақстан Республикасының Конституциясынан бастап басқа

да заңдарында бұл туралы анық айқындалған. Өз басым адамдарды қандай да бір бөлектеу адамгершілікке жат қылық деп есептеймін.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрар едім. Оған жәй ғана қарсы тұрып қана қоймай, онымен барынша күресер едім. Себебі, сыбайлас жемқорлық – қазіргі қоғамның басты дерттерінің бірі. Оған еліміздің әрбір азаматы қарсы тұруы керек деп есептеймін. Сыбайлас жемқорлыққа жол беру – халықтың сенімінен айырылу, өз қызметіне деген адалдықтың бұзылуы, сүйікті Отаныңа деген опасыздық. Мен өмірімде мұндай жағдайда жол бермес едім, жол бермеймін де.

Төртіншіден, заң бойынша прокурорға шығармашылық, ғылыми жұмыстармен айналысуға рұқсат етілген. Шығармашылық жұмыстарымның басым бөлігін Қазақстандық патриотизмге бағыттар едім. Себебі ізімізді қуып өсіп келе жатқан жас буынды өз Тәуелсіз Отанын құрметтеуге, бағалауға шақыру керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «Біздің болашағымыз – жастар». Бұл дегеніміз еліміздің ертеңі мен болашағы тек қана жастарымыздың қолында. Сондықтан жастарымыздың Отанын құрметтеуіне, олардың жігерін оятуға барынша көңіл бөлу керек деп есептеймін. Өз Отанын құрметтеген азаматтан ғана нағыз патриот шығады. Нағыз патриот өз Отанына адал қызмет етіп, өз қызметіне құрметпен қарайды.

Бесіншіден, азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғауды дамытуда бірқатар маңызды ұсыныстар ұсынар едім. Атап айтқанда:

-басшының келісімімен прокурорлардың өз араларында белгіленген кезекпен кемінде айына екі рет халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

-азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер, жиындар өткізу;

-азаматтардың арыздарын қарауды жеңілдету жөнінде арнайы жүйе құру.

Алтыншыдан, егер мен прокурор болсам мемлекеттік айыптаушы ретінде әрдайым әділетсіз сотқа қарсы тұрар едім. Себебі сотта адамның өмірі мен тағдыры шешіледі. Ал адам тағдырын шешуде тек қана әділеттілік жеңуге тиіс. Конституциямыздың 1-бабында көрсетілгендей, мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Сол себепті де сотта адамның тағдырымен қатар оның құқығы мен бостандығының аяқ асты болуына жол беруге болмайды. Сонымен қатар, сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде мемлекет мүддесін қорғауда тек қана Конституция мен заңға ғана бағына отырып, өз міндетімді адал атқарар едім.

Жетіншіден, егер мен прокурор болсам прокуратура органының қызметін жетілдіруде бірқатар маңызды ұсыныстар ұсынар едім. Олар мынадай:

-басшының келісімімен кемінде айына екі рет белгілі бір өңірдің прокурорлары арасында өз қызметтеріне қатысты қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде және қоғамда резонанс тудырған қылмыстар жөнінде пікір алмасу немесе кеңестер өткізу;

-басшының келісімімен айына бір рет прокурорлардың білімін тексеру мақсатында прокурорлық білім сынақтарын өткізу;

-прокурорлардың қызметі саласындағы қызмет ету жүйесін жетілдіру;

-прокурорлардың қызметін оңтайландыру бағыттары бойынша орындалатын жұмыстарда әр түрлі елдердің, соның ішінде әлемдік тәжірибеге сүйену;

-прокурорлардың қызметтен тыс уақытта қоғамда өзін-өзі

Желбіресін Қазақстан жалауы

Көк туым бар секілденіп жиналғандай бар арман, Айбынды ел аймағына рәміз болып таралған. Тәуелсіздік сыйы болар қазағымның көк туы Өрқашанда биіктерде желбіреуге жаралған.

Қыран бүркіт секілденіп көкке созған қанатын, Ашық аспан аясында талмай қанат қағатын. Сол бүркіттей Қазақстан биіктерге самғайды Көк аспаннан бейбітшілік жерлерге кеп қонатын.

Аспанымда күлген күн де болсын мәңгі шуақты, Нұрға бөлеп тұрсын дәйім жерін, тауын, қыратты. Көк аспанда жарқырасын шуақ шашып жер көкке Осы күндей тәуелсіздік болсыншы тек тұрақты.

Оюы бар өрнектелген көк туында қазақтың, Бабалардан қалған мұра, ғажайыбы ғажаптың. Көк байрағым аспанымда өрқашанда желбіреп Болсын мәңгі елімізде арайлаған азат күн.

Жалындасын, жалындай бер тәуелсіздік алауы, Осы еді ғой аңсап күткен бабалардың қалауы Сақтап мәңгі өрқашанда егемендік тұғырын Көк аспанда желбіресін Қазақстан жалауы.

ұстау негіздерін бақылау;

-прокурорларға қатысты қызметтегі тәртіп бұзушылық кезінде қолданылатын тәртіптік жазаларды күшейту;

-прокурорларды ай сайын кезекпен прокурор қызмет атқаратын жердің жоғары оқу орындарында «Құқықтану» мамандығы студенттеріне дәріс оқуын міндетті енгізу.

Егер мен прокурор болсам, өз қызметімді атқаруда мынадай принциптерге баса көңіл бөлемін. Ең алдымен – әділдік. Себебі әділдік болмаса, адам ең алдымен өзін, кейін басқаларды алдайды. Әділдік болмаса адам өзі атқаратын қызметте жетістікке жете алмайды. Ертеде біздің билеріміз тек әділдік жағын жақтағаны тарихтан белгілі. Сол арқылы халықтың дауын шешіп, әділдігімен ел аузында қалған. Сондықтан мен әділдікті қашанда алдыңғы орынға қоямын. Келесісі – гуманизм. Кез келген адам біздің қоғамның басты құндылығы. Ал оның бойындағы адамгершілігі қоғамды тек жақсы жаққа бұратыны даусыз. Келесі қағида – адалдық. Отаны мен халқына адал адам әрдайым құрметке лайық, еліне сыйлы болады. Адал адамнан жас буын үлгі-өнеге алады. Келесі қағида – тәзімділік. Адам баласы қызметте қандай да бір сындарға төтеп бере алатындай, тез сынбайтын, шыдамды болуы керек. Сол арқылы ол өзінің алдынан кездескен кез-келген сынақты итеріп тастап, қызметте жақсы нәтижелерге жететіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, кез-келген адам баласы өмірінде тек алға ұмтылады. Адамға қайрат пен күш-жігер беретін оның өзі, қателеспей таңдаған мамандығы бойынша атқаратын қызметі. Егер мен прокурор болсам, жоғарыда көрсеткен өзімнің «қызметтік 7 бағыт» аталатын жоспарымды іске асыруға барымды саламын. Өз қызметімді сүюге, сол арқылы халқы мен еліме аянбай еңбек етуге тырысамын. Қоғамда заңдардың орындалуы мен қадағалануы, азаматтардың құқықтарының бұзылмауы, әрдайым елімізде әділдіктің сақталуы кез-келген прокуратура органы өкілі үшін маңызды деп білемін. Мен үшін прокуратура органында қызмет ету – міндет, абырой, мақтаныш!

Азамат ЕСІМ,

«тарих, экономика және құқық» факультеті «құқықтану» мамандығының 4-курс студенті

Өзге тілдің бәрін біл де, өз тіліңді құрметте



Иә, шынында «өзге тілдің бәрін біл де, өз тіліңді құрметте» – деген ата-бабаларымыздың қанатты сөздері қазіргі шөлдеген заманға сусын болғандай. Олай дейтін себебім, қанша өзге тілді біліп, ой көкжиегіміз кеңейген сайын, өз тілімізде сөйлейтін жастарымыз азайып бара жатқандай. Жасырытыны жоқ, қазіргі таңда жастардың айтылған ойының астары былай тұрсын, оның мән-мағынасының өзін түсінбей, шала-

шарпы ұғынатын болдық. Өз тіліміздің қадірін кетіріп, қалай болса, солай сөйлей салуға әбден етіміз үйренген. Тілінен бал тамған қазақ деген халықтың сөзге тоқтау мәдениетінен алыстап бара жатқаны көңілге қаяу түсіреді. Қарапайым жастарымыздың арасында ауызекі сөйлеу мәдениеті жоғалып бара жатқандай. Мысалы, көңілге қонымды, керемет нәрсе көрсе немесе естісе «базар жоқ екен», «жынды екен» деген секілді тіркестерді қолданатын жастарымыз осылай сөйлегенді өздерінше дәреже көретіндей. Қазақтың осы орайда айтатын «бәрежелді» немесе «тамаша екен» деген сөздерін айтса, меселі кеміп қалғандай немесе ұятқа қалғандай, өз тілінде еркін сөйлей алмай қысылатындары да аз емес. Міне, осыдан тілімізге деген сыйластықтың, құрметіміздің қандай деңгейде тұрғанын көруімізге болады.

Қазіргі жастарымыз ата-бабаларымыздың елім деп, тілім деп, жерім деп қанша қан төккенін ескерсе ғой, шіркін! Жастардың ана тілімен қоса бірнеше тілді меңгеруі - заман талабы, бірақ сол өзге тілді меңгеруге жеткізетін ана тілінің қадірін мәңгі жадында сақтап, ардақтай білгені жөн.

Айгерім САҚТАҒАНОВА,
биология мамандығының 2-курс студенті

Өнердің өрінде жүзгендер

Қыран құстың қанатына мініп, көкте қалықтағандай, балалық шақтың өмір белесінің бірі, жоғарғы оқу орнына түсу біздің үлкен арманымыз болып еді. Жоғарғы оқу орындарында болашағын бағамдап, күш-қайратын білімге, өнерге жұмсамақ болып келген, талабы таудай қыз-жігіттер де жетерлік. Жыл сайын жоғары оқу орнында мыңдаған білім гранттары бөлінеді. Бұл – біздер үшін жоғары білімді тегін алудың мүмкіндігі ғана емес, үлкен жәрдем. Биылғы оқу жылы ақылы негізде оқуға түскен мен үшін де жақсы жаңалықтармен басталды. Ақсай қаласының № 5 жалпы білім беретін орта мектепті үздік аттестатпен аяқтап, ҰБТ-дан жоғары 111 ұпай жинап, әрі қарай тек қана өзіміздің Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқуды таңдаған болатынымын. Себебі, тарихы терең, қос батырдың бірінің атағын иеленген және ата-анам, бауырларым білім алған университет –өзім үшін мақтаныш.

Мінекей, студенттік өмірдің жарты жылы өте шықты. Осы аралықта тұңғыш рет жерлесіміз Батыс Қазақстан аумағында «Ағайынды Жүгінісовтер «Шын жүректен» атты шуаққа толы ән кешін ұйымдастырып, сол ән кешінде сарапқа салынатын «Ағайынды Жүгінісовтер» атындағы атаулы шөкіртақы жүлдесі жарияланды. Жүлденің тағайындау жобасының негізгі мақсаты –ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өңіріміздің тереңнен сыр шертетін тарихын насихаттай отырып, мектеп түлектеріне «Студент» деген лауазымды ұғындыру, оның жауапкершілігі мен мәртебесін түсіндіру, жастардың сапалы білім алуына құлшынысын, ерік-жігерін арттыру, болашаққа деген сенімін қалыптастыру, жастарға қолдау көрсете отырып, Қазақстанның белсенді азаматы болуға тәрбиелеу болып табылды. Сол жобаға 50-ге жуық студент қатысып, бөлінген 200 мың теңгенің 100 мың теңге шөкіртақысын жеңіп алғанымды мақтанышпен



айтқым келеді. Болашақта бұндай үрдіс жалғасын тауып, біз сияқты ақылы негізде оқып жатқан студенттер үшін үлкен көмегін тигізетіні сөзсіз.

Мұндай жоғары сенімді жоғары оқу үлгеріміммен және үлгілі тәртібіммен ақтаймын деп сенім білдіремін. Алдағы уақытта оқу озаттарының саны артып, елімізді әлемге танытар білімді ұрпақ көбейсін деп тілеймін.

Өнерді серік еткен және саналы ұрпақ тәрбиелеп, қазақ өнерінің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген Жүгінісовтер отбасына дендеріне саулық, аманшылық, еңбектеріне жеміс және барлық тілектері орындалсын дей отырып, шексіз алғыс айтамын.

Гайһар НИЯР,

филология факультетінің 1-курс студенті



Бaubек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№1 (12), қаңтар, 2017 жыл

Өнеге

«Мейірім әуендері» – рухани тәжірибе көзі

Ана – құдірет! Егер ата асқар тау болса, ана - бауырындағы ағар бұлақ, ал бала - жағасындағы құрақ. Ата кеме болса, ана – дария. Атадан өсиет қалады, анадан қасиет жұғады. Ұлы дала даналығына сүйенсек, ана қашанда біреу ғана, ал ағайын – алтау. Алып та анадан туады. Дана дейміз, дананы туған - ана. Егер де өке тірегің болса, ана – жүрегің. Ананың сүті – бал. Халқымыздың ананың басқан жерінде пейіш бар, жұмақ аналардың табанының астында дейтіні де тегін емес. "Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, қарызын өтей алмайсың " деу бекер болмаса керек-ті.

Ананың қақы – құдайдың қақы. Анасыз өмір – сөнген көмір. Ананың алақаны - балаға айдынды қоныс. Ананың тілегі қашанда баласының үстінде. Ана баласын арыстанның аузынан алады. Ананың ақ жаулығы – баланың ақ көрпесі де. Ағайынның алтын сарайынан, анаңның жыртық лашығы артық дейтініміз содан. Сол себепті де анаңа ауыр сөз айтпа дейміз. Ана тілін алмаған - арсыз. Ана сүтін ақтамағанды ешкім жақтамайды. Бұтақтың жақсылығы сағасынан, баланың жақсылығы анасынан. Өз анасын зор тұтқан кісі өзгенің анасын қор тұтпайды. Егер де өке жүрегі таудан үлкен десек, ана жүрегі теңізден терең де. Біздіңше, Мақсот ағаның анасы – жоғарғы сан тараулы қағидалы тұжырымдарға сай тұлға. Ал ана рухы қай іске де қозғау болмақ. Авторға, басты кейіпкерімізге де аталмыш еңбекті жазуға қозғау салып, ықпал етуін көрмеймісіз. Демек, Закария – Мақсот сынды ел қамы үшін ағыл-тегіл тер төгіп жүрген ердің анасы. Ендеше, Закария – елдің анасы. Ана атаулыға бас ие тағызым етелік!

Еңбек авторы Берген Мақсот Қабышұлы кім? «Өздерімен бірге бейбіт заман әкелген құтты періштелер» өкілі Мақсот Қабышұлы – бірегей білімді, сойы ерекше, қалтарысы қалың қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрар табанды, өмірі энергиясы мол, күш - жігері қауырт, адамгершілігі ала бетен, қайырымды да ақкөңіл, елгезек жан. Ол - өмірдің сан тарау өткелдерінің тағылымды құндылықтарын бойға сіңіре бойлата алған өмірлік тәжірибесі мол, біртұтас болмысы бөлек азамат. Сондай-ақ, ағамыз - жас шағында үлкендердің өңгімесіне зер сала құлақ қойған, көкейіне ой түйген, жайбырақаттыққа жаны қас, тумысынан «тез тұтанатын», десек те, атақты Жанғали ақын айтқандай, төзім мен тағаты телегей теңіз, ел дегенде өміренген, тіл дегенде тебіренген тұлға. Ол – даланың да, қаланың да адамдарының табиғи болмысын, мінез-құлқын айнақатесіз ажырата алатын толайым тәжірибе тезімен толысқан жантанушы-психолог. Ағамыз – жасынан өмірдің жақсы жақтарын ынтыға көруге ынтызар, кісілігі мен кішілігі мол адамдарды емшідей тани білетін, үнемі аспандағы жарқыраған жұлдызды, айналасындағы сәулеленіп құйылып тұрған құндызды аңғара алатын, өмір өткеліндегі сондай жандарға дос құшағын айқара ашатын асыл азамат. Демек, ағамыз - рухани бай адам. Мақсот аға - күллі саналы ғұмырын медицина саласын дамытуға, осы саланың білікті кадрларын баулуға арнаған, 30 жылға жуық мемлекеттік меншіктегі оқу орнын басқарған, бүгінде өңірімізде тұңғыш рет жекеменшік «Мақсат» атты медицина колледжін ашып, сан тарау жұмысын өрге бастырып отырған кәсіби маман, көшбасшы тұлға.

"Мейірім әуендері " - ғұмырбаяндық туынды. Бұнда бүгінгі таңда жанқиярлық адал еңбегінің, көп кесір төккен терінің жемісін көріп, ел игілігі жолында ерен еңбек етіп, ел ризашылығына бөленіп отырған тұлғаның өмір өткелдеріндегі сан тарау тіршілік түйткілдері, тірлік иірімдері, өзіндік субъективтік көзқарастағы тұжырым-түйіндері табиғи бүкпесіз өрілген. Автор аталмыш еңбегінде анасының асыл бейнесін кейінгі ұрпағына ұғындыру жолында тұлғалық талпыныс танытқан. Еңбекте әже тағылымының ұл-қызымыздың балалық дүниетанымы мен ойлау қабілетін дамытудың құнды өзегі екендігі аңартылады. Адам интуициясының бірден-бір бағдар тұтар жол екені айтылады. Шынтуайтына келсек, ұланғайыр академиялық білімге ие болуға болар, десек те, әрбір адам бойына тән табиғи инстинкт, интуиция және сезіне қабылдаусыз ең жоғарғы биіктерге шығу және сол сатыларда тұрақтап қалу мүмкін емес.

«Мейірімділік-жүректен, мейірімсіздік-білектен». Еңбекте мейірімділік, қайырымдылық, бауырмалдық сынды адами асыл қасиет, асыл құндылықтар таразыланады. Автор ұлттық баянды болмысымызды, ажарлы тұрмысымызды, сол секілді қайталанбас құндылықтарымызды көздің қарашығындай қастерлей, кір шалдырмай сақтауды, кейінгі ұрпаққа жұғысты, жұғымды етуді баса айтады.



«Ер-елінде, гүл-жерінде». Автор үшін ел перзентінің туған жерін түлетуі, Отанына, халқына қалтқысыз қызмет етуі заңдылық.

«Апты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа». Автор ұлттық дәстүрді өркез өнеге тұтады, кісілікті жоғары қояды. Еңбекте ән құдіретіне, өнер атаулыға шынайы елту бар.

Кішіпейілділіктен кішірейгенді көрмеппіз. Автор ар тазалығы, кішілік, кішіпейілділік, кісілік турасында сөз қозғайды.

Еңбек пен бақыт қашанда егіз. Іс атаулыны сүйе білсек, іс те иесіне бас имек. Еңбекқорлық, үнемшілдік, барға қанағат ету айтылады.

«Тәрбиелі адам-тағалы атпен тең». Ел іші шежірелі әңгімелерді өмірде темірқазық жұлдыздай адастырмас бағдар тұтуды меңзейді, одан өмірлік сабақ, ғиырат алуды айтады. Имандылық, иманжүзділік, адами тазалық, ізгілік туралы сөз қозғалып, имандылық ұйыған ел ішіндегі мерейлі отбасы, құтты шаңырақ иелері тілге тиек етіледі. Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде екенін ескерсек, автор: «Пиғылық мен ниетің қандай болса, өмірің мен тағдырың да айна-қатесіз тап солай», - деп тұжырым жасайды. Сөйтіп, оқырман қауымды ойландырады. Ал оқырманына ой сала білген еңбектің құндылығы қашан да жоғары.

«Өр адам күн сайын айналасындағыларға айта қалғандай жақсылық жасай алмауы мүмкін, ең бастысы - ешкімге жамандық жасамау» тұрғысындағы ұлы қағида көпке мәлім. Десек те, бұл алтын қағиданы мына аласапыран кезеңде кім ескергендей. Ал бұл қағида – Мақсот аға кредосы.

Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан боларын өлдеқашан көкейіне түйген автор ұстаздарына, олардың рухына бас иеді. Шығыста Ескендір Зұлхарнайын атымен мәлім ауызымен құс тістеген дүлдүл Александр Македонскийдің өзі де айтпай ма: «Мен өзімнің ұстазыма өкемнен кем қарыздар емеспін: өкемнен алғаным - мынау жарық дүние, ал Аристотельден өмір сүруге керектіні алдым» деп.

Студенттің блокнотынан

Тәубе

Көңілді жай ғып сәтсіздіктерден түңілген,
Бір мезет босап кеудемдегі ауыр жүгімнен.
Санамда жүрген сайтан ойлардан арылып,
Тәубеме келдім бүгін мен.

Кей сөтте тасып, қос жанарыма сыйды ай, күн,
Кей сөтте жандар қоштасып жатты қимайтын.
Бақыт та жомарт емес-ау, сірә, бәріне,
Бағынан жеміс сыйлайтын.

Сенімнің сертін сақтайды ұлы тыйым ар,
Адалдық деген төңірге дәйім сыйынар.
Сезім де сірә, баянды бола бермейді,
Біреуге ғана бұйырар.

Таппайды ылғи бағың мен бабың жарасым,
Сонда да ұлы көшпенен жүріп барасың.
Қиыншылық та күндерге нұрлы жол ашып,
Көрсете бермес қарасын.

Мұнартқан күндер ұстамас мәңгі торында,
Ғұмыр өткеріп, тыншысың ақыр соңында.
Бақыт та, бақ та, бүгінің менен ертеңің.
Алланың ғана қолында!

Жанерке ФИНАЯТ
"ФҚТ"; Фил-11-топ

«Ағаш тамырымен, адам досымен мықты». «Досыңды мақтағаның – өзіңді жақтағаның». Автор шынайы достықты әркез жоғары қояды, өмірлік жар таңдау мәселесіне акцент береді. Сондай-ақ, еңбек авторы қазақ сахарасындағы көшіп-қонып ғұмыр кешкен жұртымыздың жеті атаға дейін қыз алыспай, биологиялық бірегей болмысын кіршіксіз таза сақтай білуіне таңдай қаға таңданыс білдіре келе, ұрпақтарымыздың қан тазалығын сақтау мәселесін де қозғайды...

Қысқасы, автор аталмыш еңбегінде өз көзімен көрген, жан-жүрегімен, ақыл-санасымен талай сезінген өмір өрнектерін, иірімдерін, қайталанбас қалтарыстарын кестелі тілмен баяндаған. Еңбек көпшілік оқырманға бейім тілде жазылған. Мәселен, еңбекте автордың өз баяндауын ақыл-нақыл сөздермен өре түсуі ұнамды әрі табиғи. Ақылды адамның сөзді нақылсыз айтпайтыны, бір айтпаса нақылды ақылсыз айтпайтыны мәлім. Айтар нақылы жоқтың - табар ақылы жоқ. Сонысымен де еңбек авторының санасына бойлаған тұңғыық ойлар – өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген нық шеге де. Демек, зиялы да ойлы адамның сөз саптауы да ерекше болмақ. Адамзатқа тән баяғы заманнан келе жатқан кемеңгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздер барлығын білсек, автор солардан үйренуді меңзейді, өзі де өмір бойы жолбасшы ретінде есте ұстағанын айтады. Бұл орайда да ағамыз бойында талмайтын талпыныс, саралай ойлау, бұлтартпас жітілік, тұғырлы табандылық, мәлдір зейінділік бар. Ал адам бойында бұл іспетті қасиеттердің болуы – нәтижелі табыс кепілі.

Шындығын айтсақ, бүгінде нақыл сөздер көп болғанымен айтар, өз сөзінде қолданар адам аз. Нақышымен нық қа-дап түбіне жеткізе сөйлеген адам – шешен адам. Біздіңше, мәтел – сөз орамы қалыптаспаған сөйлеу элементі, ал мақал – аяқталған түйін, тұжырымды ой. Тіпті ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің «қолжаулығымен» жүруді жек көрмейді. Демек, мақал дегеніміз – замананың сұқ саусағында мәңгі-бақи жарқырайтын бес әріптен құралған асыл жүзік. Ал халқымызға нақылмен ойлау тән. Осы тұрғыда келгенде еңбек авторы қолданысындағы ақыл-нақыл сөздер - автордың өмірлік кредосы іспетті. Мәселен, «Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында», «Қайғы деген жылан бар, өзекті шағып өрттейтін, қайрат деген қыран бар, өлімге әл бермейтін», «Бөлінгенді бөрі жейді», «Өлімде де өмір бар», «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу», «Дене мүшесінің кемісі барлар – құдай таңбалаған кісілер», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Таң атпайын десе, күн қоймайды», «Береке – келіннен, нан - егіннен», «Өкеден ат басындай алтын қалғанша, артындағы ұрпағына абырой болар азамат деген аты қалсын», «Әйеліңмен дос бол, үйіңе береке кіреді. Азаматпен дос бол, қадірінді біледі. Білімдімен дос бол, абыржығанда ақыл береді», «Байлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді», «Ердің екі сөйлегені - өлгені», «Жеңбейтін болсаң, таласпа, шатыспа; Озбайтын болсаң, бәйгеге қатыспа», «Іздей-іздей Римге де барарсың», «Өсетін елдің батыры көп, өшетін елдің қотыры көп», «Орысқа сенсең - өкінумен өтесің, суға сүйенсең - түбіне кетесің», «Жыртық үйдің де құдайы бар», «Жеңістің ең үлкені - бөзіңді өзің жеңу», «Қырандар тапқан жемін шашып жейді. Қарғалар мен құзғындар астарына басып жейді», «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз», «Даңқың шықсын десеңіз, көпшіліктің адамы болыңыз», «Ақылды адам-білмегенін білуге ұмтылған адам», «Ауруды жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес», т.б.

Жинақтай түйіндесек, замана дүлдүлі Әбіш Кекілбайұлы айтпай ма: «Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Одан қол үзген қауым - келешегінен қол үзген қауым» деп. Дұрыс-ау! Демек, Мақсот Қабышұлы - көп көрген әрі көп түйген көсем адам. Егер білімдінің сөзі - оң, білімсіздің сөзі-тоң десек, еңбекте жанды сауықтырар қаншама жақсы сөздердің сериалы түйдектеле таратыла айтылған десейші! Түйсігі терең сөз ұғар ұрпаққа лайықты мұра дегеніміз – осы болса керек-ті.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі

«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Еркеназ Қалижан («ФҚТ», Фил – 11 - топ). Кеңесшісі – Гүлден Амангелдіқызы, «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері

Ақжайымын өнерімен тербеткен Үстаз




Кештің мақсаты кеш иесінің өнерсүйер көпшілік қауымға жол тартқалы тұрған «Ақжайық саздары» кітабының тұсауын кесіп, күй өнерін дәріптеп, музыка саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген кәсіби маман, республикалық, халықаралық күй байқауларында жүлде алып жүрген шәкірттерді дайындаған ұстаз Е.Нұрымбетовтің шығармашылығын насихаттау. Сондай-ақ, композиторлық қырынан танытатын әндерін тыңдарман қауымға жеткізу.

Шарада кеш иесіне сұрақтар қойылып, кеш барысында композитордың жүрегінен шыққан шығармалары орындалды.

Облыстық мәдениет және өнер орталығының концерт залында Батыс Қазақстан облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық мәдениет және өнер орталығының ұйымдастыруымен Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, «ҚР мәдениет саласының үздігі», «Құрмет» орденінің иегері, Дәулеткерей атындағы халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Еркін Нұрымбетовтің «Ақжайық саздары» кітабының тұсаукесері мен шығармашылық кеші өтті.

Өнер кешіне Батыс Қазақстан облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Д.Құсайынов, Халықаралық «Алаш» әдеби-сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы БҚО филиалының төрайымы, ақын А.Бақтыгереева, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ректоры А.Иманғалиев, Ж.Досмұхамбетов атындағы Орал педагогикалық колледжінің директоры Ш.Құрманалина, ҚР еңбек сіңірген қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері, ақын Ш.Қыдырғалиева, мәдениет және өнер саласының өкілдері қатысты.



Қазақ филологиясы
кафедрасының аға оқытушысы

Алдашева

Хамар Сағынғалиқызы

2016 жылдың 28 желтоқсанында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы диссертациялық кеңесте 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері» (ғылыми кеңесшілері: Шаханова Розалинда Әшірбайқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор; ресми рецензенттері: Жапбаров Амангелді – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ерхожина Шаттыгул Лесбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.; Шетелдік кеңесшісі: Мехмет Ариф Өзгербаш – PhD доктор, Гази университетінің доценті) тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғауымен құттықтаймыз.

Ректорат,
қазақ филологиясы кафедрасы

ЖАН ЖЫЛАУЫ

Облыстық мүгедек балалардың «Бейтерек» қоғамдық бірлестігінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мерекелік шара өтті.

«Бейтерек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Санкаева Меруерт Болатқызы, әдіскері Айгүл Салыққызы және т.б. мамандар тобы «Бейтерек» қоғамдық бірлестігінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Алтын күз» атты мерекелік іс-шара өткізді.

Шараға Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих, экономика және құқық факультеті, есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Алтыбаева Шынар Мендіғалиқызының жетекшілігімен 2-3 курс студенттері қатысты.

Іс-шараның мақсаты-баланың қарым-қатынастық дағдыларын дамыту, балаларға жақсы көңіл-күй мен қуаныш сыйлау. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшелігі-олар басқа балалар сияқты бағдарламаны толық қабылдай алмайды, яғни қабылдауы баяу, есте сақтауы нашар секілді белгілер болып табылады. Педагогтар мүгедек балаларды әрі емдеп, әрі оқытып, қатарға қосуға тырыспақ.

Шара кезінде студенттер ән айтып, би билеп балалар мен ата-аналардың көңіл күйін көтерді. Мерекелік шара кезінде «жаңбыр», «егіздер» және ата-аналарға балаларының үйінде қалай еркелететіні туралы т.б. көптеген ойындар ойнатылып, балалар ойынға қызығушылықпен қатысып отырды. Сондай-ақ шара кезінде балалар үйінің тәрбиеленушілері ағайынды Куатовтардың «Шабит» тобы өнер көрсетті. Көңілді шара аясында би билеп, ойын ойнаған балалар бір сәт болса да дерттерін ұмытып, ата-аналардың жүзіне қуаныш үйірлді. Мерекелік шара соңында балаларға сыйлық беріліп, ата-аналардан көп алғыстар мен жақсы сөздер естідік. Сондықтан даму мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, олардың қоғамға бейімделуіне ат салысу қай азаматтың болса да, қай елдің болмасын басты парызы деп ойлаймын.

Еркін ШАЙХИЕВ,
09306 тобының студенті



26 января состоялся Открытый турнир ЗКАТУ им. Жангир хана по настольному теннису среди преподавателей и студентов вузов на приз чемпиона РК по тяжелой атлетике, мастера спорта СССР Н.К.Габдуллина.

Турнир собрал 10 команд из разных вузов г. Уральска.

ЛУЧШИЕ В ТЕННИСЕ

Чемпионом соревнования стала команда преподавателей ЗКАТУ им. М.Утемисова, в состав которой вошли А.Х.Джумағалиев, П.А.Бессмертнов, Т.А.Базартаева, Т.И.Тюрина.

Не подвела своих старших товарищей и студенческая команда университета. Ратмир Бекпасов, Досбек Кизылкулов, Нурали Жуматаев, Айгерим Убайдуллаева в честной борьбе стали вторыми.

В личном первенстве 1 место завоевала преподаватель кафедры физвоспитания Т.И.Тюрина, также первое место взяла студентка естественно-географического факультета Айгерим Убайдуллаева.



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТИПШІЛЕР:

Ақсана ЖҰМАБАЕВА, Айша КЕМЕШОВА

Корректор: Ақзия Адилловна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-41-46